

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігі



Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігі

Астана қ.
2023 жылғы «23» мамыр
№ 163

Астана қ.
2023 жылғы «26» мамыр
№ 304

«2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 62, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі №249 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 62, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі №249 бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Тақырып мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламентін бекіту туралы»

кіріспе мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы Заңымен

ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы келісімді (бұдан әрі – Келісім) іске асыру бойынша құзыретті органдардың Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимылының регламенті бекітілсін.»;

2-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - БЖЗҚ) еңбекшілерді (отбасы мүшелерін), зейнетақы жинақтарының мұрагерлерін (құқықтық мирасқорларын) не олардың өкілдерін және олардан құжаттарды қабылдау, мәліметтер мен құжаттарды дайындау, өңдеу, зейнетақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту туралы) туралы шешімдер қабылдау, зейнетақы төлеуді (жеткізу) ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. БЖЗҚ және оның филиалдары, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті (бұдан әрі - Комитет) және олардың аумақтық бөлімшелері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек өтілін растау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.»;

3-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«3. БЖЗҚ, Комитет осы бірлескен бұйрықты аумақтық бөлімшелерге жеткізсін және осы бұйрықтың 2 және 2-1-тармағында көрсетілген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі олардың жұмысын үйлестірсін.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті және құзыретті органдарын хабардар ету үшін Келісімді іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының құзыретті органдары туралы ақпаратты Еуразиялық экономикалық комиссияға жіберсін;

осы бірлескен бұйрықты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы және «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.»;

Бірлескен бұйрықпен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбеккерлерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламентінде (бұдан әрі - Регламент):

Тақырып мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді

іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламенті»

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Осы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламенті (бұдан әрі – Регламент) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 122 шешімімен бекітілген 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібінің (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл тәртібі) 12 және 16-тармақтарын іске асыру үшін әзірленді және құзыретті органдардың – еңбекшілерді (отбасы мүшелерін), зейнетақы жинақтарының мұрагерлерін (құқықтық мирасқорларын) не олардың өкілдерін және олардан алынған құжаттарды қабылдау, мәліметтер мен құжаттарды дайындау, өңдеу, зейнетақы тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) шешімдер қабылдау зейнетақы төлеуді (жеткізуді) ұйымдастыру және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салулары бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен еңбек өтілін растау жөніндегі өзара іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жұмыс регламентін айқындайды.»;

2-тармақта:

5) тармақша мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«5) құзыретті орган-өз мемлекетінің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңнамасын іске асыруға қатысты мәселелер құзыретіне кіретін мүше мемлекеттің мекемесі (ұйымы).

Қазақстан Республикасында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – БЖЗҚ) және оның филиалдары, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) және олардың аумақтық бөлімшелері құзыретті органдар болып табылады.»;

10) тармақша мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«10) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі (бұдан әрі – МӘС) – Комитеттің аумақтық бөлімшесінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі немесе медициналық-әлеуметтік сараптаманың әдіснамасы және бақылау бөлімі.»;

11) тармақша мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«11) сараптамалық қорытынды – БЖЗҚ-дан алынған «Медициналық тексеру туралы» формулярды өзара іс-қимыл тәртібіне 3-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша (бұдан әрі – «медициналық тексеру туралы» формуляр) қарау жолымен сырттай куәландыру (қайта куәландыру) негізінде еңбекшіге мүгедектіктің тобын, мерзімін және себебін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы МӘС бөлімінің шығарған шешімі (бұдан әрі – «медициналық тексеру туралы» формуляр) және куәландырылуға жататын адамның (еңбекшінің) медициналық құжаттарын қамтиды.».

Он бесінші абзац мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«Регламентте пайдаланылатын ұғымдардың өзге де түрлері Келісімде, Өзара іс-қимыл тәртібінде, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде бірдей мағынаға ие болады.»;

3-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«3. Алушы не оның өкілі зейнеткерлік жасқа толуы бойынша, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе немесе мұрагер болып табылса, бірінші және екінші топтағы мүгедектік басталған кезде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға өтініш білдірген кезде зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдау БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен құжаттар тізбесі БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.»;

4-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«4. Басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан БЖЗҚ - дан зейнетақы төлемдерін алуға үміткер алушыдан өзара іс-қимыл тәртібіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Сауалнама-өтініш» формулярын (бұдан әрі – «Сауалнама-өтініш» формуляры), сондай-ақ БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында айқындалған құжаттар тізбесін алған кезде зейнетақы төлемдеріне жүгінген күн болып мүше мемлекеттің құзыретті органында жұмыскердің өтініш формулярының тіркелген күні немесе БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне құқықтың пайда болған күні болып есептеледі.»;

5-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардың мүгедектігін белгілеуге байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне үміткер алушы құжаттары, оның ішінде «Сауалнама-өтініш» формуляры және «Медициналық тексеру туралы» формуляры алынған кезде, БЖЗҚ «Сауалнама-өтініш» формулярын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде медициналық құжаттарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының ақпараттық жүйелерінің өзара іс – қимылы туралы 2018 жылғы 11 сәуірдегі келісімде (бұдан әрі - Өзара іс-қимыл туралы келісім) айқындалған тәртіппен «Медициналық тексеру туралы» формулярды МӘС бөлімдері медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу және сараптамалық қорытынды алу үшін Комитетке жібереді.»;

8-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«8. БЖЗҚ басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан алынған «сауалнама-өтініш» формулярын қараған және өндеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей не Комитеттен МӘС бөлімінің сараптамалық қорытындысын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, еңбекші тұратын мемлекеттің құзыретті органына Өзара іс-қимыл тәртібіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МӘС бөлімінің сараптамалық қорытындысын қоса бере отырып «Қабылданған туралы хабарлама» формулярын (бұдан әрі – «қабылданған шешім туралы хабарлама» формуляры) жібереді.»;

11-тармақтың бірінші абзацы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Басқа мүше мемлекеттен мүгедектігі бойынша зейнетақы алуға үміткер алушы өтініш білдірген жағдайда, осы Регламенттің 9 және 10-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша, БЖЗҚ алушыдан «Медициналық тексеру туралы» толтырылған формулярды және бар болған кезде басқа да медициналық құжаттарды қабылдайды.»;

14-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«14. «Сауалнама-өтініш» формулярының түпнұсқасы/көшірмесі және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері БЖЗҚ-да қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақталады.»;

16-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«16. Мүше мемлекеттің құзыретті органынан 1998 жылғы 1 қаңтардағы кезеңнен бастап Қазақстан Республикасының аумағында еңбекшінің жұмыс өтілі туралы «Сұрау салу» формуляры келіп түскен кезде, сұрау салу келіп түскен құзыретті орган, сұрау салу келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, мүше мемлекеттің құзыретті органына «Жұмыс өтілі туралы» формулярды жіберу арқылы ақпараттық жүйеде бар міндетті зейнетақы журналдарының төленуі туралы деректер негізінде жауап жолдайды.»;

17-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«17. Қазақстан Республикасының аумағында 1992 жылғы 13 наурыздан 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі еңбек өтілі және (немесе) оның жалақысы туралы «Сұрау салу» формуляры келіп түскен кезде құзыретті орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорынан) қажетті мәліметтерді, құжаттарды талап ету жөнінде іс-шаралар жүргізеді) немесе мұрағат мекемелерінің қатысуымен және сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің құзыретті органына «Жұмыс өтілі туралы» формулярды жіберудің жоспарланған мерзімдерін көрсете отырып, аралық ақпаратты жібереді.»;

18-тармақ алып тасталсын;

19-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«19. Жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорынан) немесе мұрағат мекемелерінен алынған ақпаратты құзыретті орган мүше мемлекеттің құзыретті органына «Жұмыс өтілі туралы» формулярды толтыру арқылы жұмыс берушіден

(оның құқықтық мирасқорынан) немесе мұрағат мекемелерінен, оның ішінде бар болған жағдайда жұмыс берушінің, оның немесе мұрағаттық мекеме ақпарат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.».

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н. Е. Сағындықоваға және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі В. Ю. Дудникке жүктелсін.

3. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі



Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі



А. Ғиният

КЕЛІСІЛДІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
Басқарма төрағасы



Ж. Курманов